

FTAXP 28.23.00
 ЭОЖ 004.8:343.3/.7
 JEL K42

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2026-1-3-139-150>

АСИЛЬБЕКОВА Б.Р.,¹

докторант.

e-mail: balzhan.assilbekova@ayu.edu.kz

ORCID ID: 0009-0009-8379-956X

КОЖАМБЕКОВ Д.Р.,^{*1}

PhD, аға оқытушы.

*e-mail: kozhambekov@ayu.edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-3908-3750

ДЖУРАЕВ И.Б.,²

з.ғ.д., профессор.

e-mail: ikhtiyor.djuraev@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-2201-8119

БАЙРКЕНОВА Г.Т.,³

з.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

e-mail: bairkenovagulmira@gmail.com

ORCID ID: 0009-0008-4822-5416

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университеті,

Түркістан қ., Қазақстан

²Ташкент мемлекеттік заң университеті,

Ташкент қ., Өзбекстан

³С. Аманжолов атындағы

Шығыс Қазақстан университеті,

Өскемен қ., Қазақстан

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕГІМЕН ЖАСАЛАТЫН ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЛДЫН-АЛУ ШАРАЛАРЫ

Андатпа

Қазіргі заманда жасанды интеллект мемлекеттің барлық қоғамдық саласына әсіресе мемлекеттік басқару жүйесіне, қаржы-экономикалық, ауылшаруашылық, білім беру, денсаулық сақтау салаларына еніп, тиімділігін көрсетуде. Сонымен қатар жасанды интеллектіні қылмыстық мақсатта пайдаланып қоғамға қауіп-қатер төндіріп, құқықбұзушылықтар орын алуда. Ғылыми мақаланың мақсаты жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу үшін ғылыми негізделген зерттеу жұмыстарын жүргізу, жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу шараларын заң ғылымы тұрғысынан кешенді түрде зерттеу болып табылады. Жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың басым бағыттарын анықтап, жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу шараларын жетілдіру көзделеді. Жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасы қылмыстық құқықтық заңнамасына ұсыныстар енгізіледі. ХХІ ғасырдың бас кезеңінен бастап қарқынды түрде дамып интернет, әлеуметтік желілер мен цифрлы жүйе қоғамның барлық саласына еніп бір жағынан оң ықпал еткенімен, екінші жағынан жасанды интеллект технологияларын заңсыз, құқыққа қайшы пайдалану әрекеттері нәтижесінде қоғамға қауіпті қылмыстардың жаңа түрлері көрініс табуда. Осы жағдайда жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу шараларын зерттеу теориялық және тәжірибелік тұрғыдан маңызды. Сонымен бірге жасанды интеллект технологияларын қолдануда халықаралық ынтымақтастық шараларын жүзеге асырып ақпараттық технология саласында отандық мамандарды даярлау маңызды. Жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алуда заңнаманы жетілдіру, құқықтық жауапкершілікті айқындау және цифрлы құқық саласының мамандарын әзірлеу көзделеді. Жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстар, Deepfake (жалған бейне/аудио), киберқылмыстар, кибершабуылдар мен тағы басқада заңсыз іс-әрекеттердің қылмыстық-құқықтық сипатын анықтап талданады.

Тірек сөздер: жасанды интеллект, қылмыс, қылмыстың алдын алу, интернет, әлеуметтік желі, цифрлы технология, киберқылмыс.

Кіріспе

Жасанды интеллект күнімізде қоғам дамуына зор үлес қосумен қатар құқықбұзушылық, қылмыстық, құқыққа қайшы іс-әрекеттер жасауға ықпал етуде. Нәтижесінде қоғамға қауіпті қылмыстардың жаңа түрлері пайда болуы зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді. Осы ретте жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу шараларына қатысты заң ғылымы тұрғысынан жүргізудің зерттеу теориялық және тәжірибелік тұрғыдан маңызға ие.

Қазіргі заманда ақпараттық технологиялардың даму қарқыны жоғары. Адамзат тарихындағы ақпараттық технологиялардың қазіргі кездегі даму кезеңі төртінші өнеркәсіптік революция (Industry 4.0) дәуір-деп, аталады. Бұл кезеңде цифрлық, биологиялық және физикалық технологиялар өзара тығыз ықпалдасып, қоғамның барлық саласын қамтиды. Қоғамның түрлі салалары виртуалды әлем арқылы байланыс орнатып, қатынас құралы ретінде жаңа технологиялық мүмкіндіктерді пайдалануда. Алайда, ғылыми технологияның дамуы адамзат баласына оң өзгерістер әкелгенімен қатар, цифрлы технологияның дамуы қоғамда қылмыстардың жаңаша сипат алуы, қылмыс жасаудың жаңа тәсілдерінің пайда болуына әкелді. Ақпараттық технологиялар дамуының алғашқы кезеңдерінде киберқылмыстар білікті, кәсіби, бағдарламалау тілін жетік меңгерген мамандар тарапынан жасалатын болса, қазіргі кезде жасанды интеллект технологияларына қолжетімділігі бар ортаңқол мамандар мен ақпараттық технологияны меңгерген кәсіби емес кез-келген адам жасау мүмкіндігіне ие.

Жасанды интеллект көмегімен қылмыс жасаудың басты үш ерекшелігі бар. Олар, қылмыстық ауқымды, кең аумақты қамтуы. Екіншісі, автоматты жүйе арқылы санының көп болуында. Ал үшіншісі уақыт тұрғысынан қысқа уақытта көп қылмыс жасау мүмкіндігі. Мысалы: фишингтік хаттар жолдау, жалған бейне немесе өзге адамның дауысын жасап deepfake материалдар тарату. Автоматты бот арқылы көптеген әлеуметтік желі пайдаланушыларға шабуыл жасалуы мүмкін. Хабарламалар интернет пайдаланушының мәлімет іздеу алгоритімі негізінде, жәбірленушіге бейімделген хабарламалар жолдануда. Жасанды интеллект қылмыс жасау құралы ретінде интернет-алаяқтық, азаматтардың жеке деректерін заңсыз иемдену, қаржы-экономикалық қылмыстар, жеке тұлғаның ар-намысы мен қадір қасиетіне нұқсан келтіретін қасақана жалған ақпарат тарату тәрізді қылмыстарға жол ашады.

Ақпараттық жүйе, компьютер, интернет, әлеуметтік желілер, цифрлы жүйелерді қолдану арқылы қылмыс жасаудың әдіс-тәсілдері өзгеріп, жасанды интеллект (ЖИ) көмегін қолдану нәтижесінде қылмыстық әрекеттердің жаңа түрлері, қылмыс жасау сипаты мен жасалу тәсілдері пайда болды. Егер жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстар пайда болғаннан бұрын қылмыс негізінен физикалық кеңістікте жасалатын болса, жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстар цифрлы жүйеде, виртуалды кеңістікте жасалады.

Қазақстан Республикасында әлемдік ақпараттық технологиялық үрдістерге сай жасанды интеллектіні игі, пайдалы мақсаттарға қолданумен қатар қылмыс жасау мақсатында қолдану қаупі күшейді. Елімізде жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстар қолданыстағы қылмыстық заңнамаға сәйкес жалпылама қылмыс құрамын анықтау арқылы сараланғанымен, жасанды интеллект көмегімен қылмыс ерекшеліктерін ескеріп қылмыстық заңнаманы жетілдіру қажеттілі туындауда.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылдың 8 қыркүйегіндегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлы өзгерістер арқылы шешу»-атты, жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында: Қазіргі заман бұлыңғыр, тұрақсыз болса да, біз бәріміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам бастық-деген болатын [1].

Шын мәнісінде жасанды интеллект қоғамның барлық саласына жылдам еніп, сәйкесінше осы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу қажеттігі туындауда. БҰҰ, Еуропалық Одақ шеңберінде және өзге де халықаралық ұйымдар мен мемлекеттер ұлттық деңгейде жасанды интеллект мәселелеріне қатысты түрлі шаралар қабылдап, жасанды интеллект саласын құқықтық реттейтін заңнамаларын қабылдауды жүзеге асыруда. Интерпол, БҰҰ-ның трансұлттық киберқылмыстармен күрес аясында кешенді шаралар қабылдауда.

Жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстар үшін оларды қылмыстық жауаптылыққа тартып жазалағаннан, қылмыстың алдын алу үшін шаралар қабылдау тиімді екені

анық. Жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылықты күшейту тиімсіз болуы мүмкін. Жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын-алу шараларын жақсарты мақсатында кешенді тұжырымдама әзірлеу, қылмыстық заңнаманы жетілдіру, цифрлы құқықтық сауаттылықты арттыру, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу тәрізді жұмыстар жүргізу қажет.

Ғылыми мақала мақсаты жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алуға қылмыстық, ақпараттық технологиялар, цифрлық құқықтық қауіпсіздік тұрғысынан кешенді талдауда жатыр. Сонымен қатар, жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың ерекшелігін қарастырып, уақыт пен кеңістікте жасанды интеллект технологияларының көмегімен жасалған қылмыстардың ерекшелігін жіті зерттеу болып табылады. Сәйкесінше жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу шараларын қабылдау негізгі мақсат болып табылады.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру көзделді. Олар: жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыс түсінігін, түрлерін анықтау; жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстарға ықпал ететін факторларды анықтау; жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу шараларын қалыптастыру; жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу шараларының құқықтық, ұйымдастырушылық, техникалық мүмкіндіктерін зерделеу, Қазақстан Республикасында жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу шараларына қатысты қылмыстық заңнаманы шетелдік тәжірибемен салыстырмалы құқықтық талдау жасау.

Мақаланың зерттеу объектісі ретінде жасанды интеллектіні пайдалану нәтижесінде туындайтын қоғамдық қатынастар мен жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын-алу жүйесі болып табылады.

Ғылыми мақаланың гиптезасы төмендегідей пайымдаудан тұрады: егер жасанды көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу шаралары кешенді қамтамсыз етілсе, жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын-алып, қылмыс деңгейін төмендетуге болады.

Зерттеу нәтижесінде жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу ерекшеліктерін кешенді талдап, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына ғылыми негізделген әдістемелік ұсыныстар енгізу көзделеді. Сонымен қатар жоғары оқу орындарында «қылмыстық құқық», «киберқауіпсіздік», «ақпараттық құқық», «жасанды интеллект құқығы» пәндерін оқыту барысында көмекші бола алады.

Зерттеу жұмысының жаңалықтары ретінде төмендегілер ұсынылады:

- 1) Жасанды интеллект көмегімен жасалған қылмыс ұғымына құқықтық анықтама беріледі.
- 2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексіне «жасанды интеллект қолдану арқылы жасалған қылмыс түрлері» анықтамасын енгізу.
- 3) Жасанды интеллект қолдану арқылы жасаған қылмыс түрлері үшін қылмыстық-құқықтық жауапкершілік белгілеуде ауырататын мән-жай ретінде қарастыру.
- 4) Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексіне жасанды интеллект қолдану арқылы жасалған қылмыс түрлерін белгілейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсынылады.

Материалдар және әдістер

Жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу шараларына қатысты мәселелерді зерттеу барысында халқаралық ұйымдар шеңберінде қабылданған келісімдер, жасанды интеллект технологияларын зерттеуші отандық және шетелдік білікті ғалымдардың ғылыми еңбектері кеңінен зерттелді. Зерттеу тақырыбының пәнаралық сипаты ескеріліп ақпараттық жүйелер, информатика, заң ғылымы саласы мәселелерімен айналысқан тәжірибелі кәсіби мамандарының еңбектерінде қарастырылды. Сонымен қатар жасанды интеллектіні қолдану барысында туындауы мүмкін сын-қатерлерге қатысты БҰҰ, Еуропалық Одақ шеңберінде саяси-құқықтық ойларын жиі білдіретін беделді мемлекет және қоғам қайраткерлерінің тұжырымдары негізге алынды.

Ғылыми мақаланың дереккөздері үш топтан тұрады. Біріншісі, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері. Екіншісі, халықаралық құқықтық актілер. Үшіншісі, шетелдердің нормативтік-құқықтық актілері. Қазақстан Республикасының жасанды интел-

лект саласына қатысты нормативтік-құқықтық актілеріне «Жасанды интеллект туралы» 2025 жылдың 17 қарашасындағы Қазақстан Республикасының Заңы [2], «Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңес құру туралы», Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 19 мамырдағы № 881 Жарлығы [3], «Жасанды интеллектті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі №592 Қаулысы жатады [4]. Халықаралық құқықтық актілерге БҰҰ шеңберінде 2024 жылдың 22 қыркүйегінде қабылдаған Ғаламдық цифрлық келісімді атауға болады. Ал шетелдердің нормативтік-құқықтық актілеріне ең алдымен 2024 жылғы ЖИ туралы Еуропалық Одақтың заңын атауға болады. Бұл құжат жасанды интеллекттің тәуекелдері мен мүмкіндіктері көрсетілген, адам құқықтарын қорғауға басымдық берген жасанды интеллект туралы алғашқы заң болып табылады.

БҰҰ-на мүше мемлекеттер 2024 жылдың 22 қыркүйегінде Ғаламдық цифрлық келісімді (Global Digital Compact, GDC) қабылдады. Құжат жасанды интеллектті қолдануда ашық, қауіпсіз, тұрақты цифрлы болашақты қалыптастыруға бағытталған халықаралық деңгейдегі алғашқы келісім болды [5]. Ғаламдық цифрлық келісім жасанды интеллект көмегімен жасалу мүмкін қылмыстардың алдын алу мақсатында: цифрлық ортада адам құқықтарын қорғау; жеке өмірдің құпиялылығын сақтау; жасанды интеллект арқылы адам құқықтарына қауіп төндіретін тәуекелдерді азайту; кибершабуылдарға қарсы халықаралық ынтымақтастықты нығайту көзделген. Сонымен қатар, БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-ші сессиясы аясында жасанды интеллектті басқару бойынша көпжақты бейресми кездесулер өткізуде (Global Dialogue on AI Governance, 6 July 2026) [6].

Осы бағытта шараларды жүзеге асыру мақсатында 2025 жылдың 19 мамырында Қазақстан Республикасының Президенті «Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңес құру туралы» Жарлыққа қол қойды. Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңес елімізде жасанды интеллектті дамыту мақсатында құрылып, жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алуда маңызды шешімдер қабылдады.

Сонымен қатар, жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу шаралары тақырыбын зерттеуде бірнеше өзара байланысты тәсілдер қолданылды. Бұл тәсілдер жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу шараларын жан-жақты талдауға, теориялық және тәжірибелік тұрғыдан маңызды қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Ең алдымен жалпы ғылыми және арнайы заңи зерттеу тәсілі қолданылды. Жалпы ғылыми әдістерде ең алдымен құқықтық талдау мен синтез жасалды. Ал дедуктивті және индуктивті тәсілдер жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың құқықтық табиғаты мен ерекшелігін түсінуге ықпал етеді. Логикалық пайымдау тәсілі арқылы қисынды болжам жасау мүмкін болды. Арнайы заңи тәсілдерде ең алдымен салыстырмалы-құқықтық әдіс тиімді нұсқа таңдауға септігін тигізді.

Сонымен қатар зерттеу барысында халықаралық ұйымдардың есебі, ғылыми мақалалар, құқық қорғау органдарының деректері мен Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы кешенді зерттелді.

Нәтижелер және талқылау

Жасанды интеллект жаңа ақпараттық технологиялардың соңғы үлгісі. Сол себептіде жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу мәселелеріне қатысты зерттеу жұмыстары жоқ. Сонымен қатар жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстарға құқықтық анықтама берілмеген. Дегенмен, Қазақстан Республикасының 2025 жылдың 17 қарашасындағы «Жасанды интеллект туралы» Заңында жасанды интеллект ұғымына мынадай құқықтық анықтама береді: жасанды интеллект – адамның интеллектуалды қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет [2]. Бұл жерде адамға тән когнитивті функциялар өте кең физиологиялық күрделі құбылыс екені анық.

Ғылыми еңбек авторлары жасанды интеллект ұғымына төмендегідей анықтама береді. Жасанды интеллект адамның интеллектуалды қызметіне тән ойлау, болжау, шешім қабылдау тәрізді функциялардың технологияның жасау мүмкіндігі. Қазақстанда жасанды интеллект са-

ласын ең алғашқылардың бірі болып зерттеген А.Ж. Асамбаев өзінің 2011 ж. жарық көрген «Жасанды интеллект негіздері» атты, оқулығында: «Жасанды интеллект (ЖИ) – компьютерлік құралдар арқылы жеке ақыл-ой іс-әрекеттерін орындау. ЖИ жеке ғылыми бағыт ретінде XX ғасырдың екінші жартысында пайда болды (бұл көбінесе, кибернетиканың дамуына тәуелді болатын). Басқару талдау, салыстыру, ақпаратты өңдеу, болжамды жасау, жорамалдың дұрыстығын дәлелдеу (яғни интеллектуалды қызметіне жататын операциялар) негізінде шешімді қабылдаумен байланысты болады» – деп, атап өтеді [7, 3 б.].

Сонымен қатар жасанды интеллект ұғымына қатысты құқықтық түсінік, жасанды интеллектің құқықтық мәртебесіде жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстарды анықтауда маңызды. Бұл туралы М.М. Лазареваның пікірі бойынша: жасанды интеллектің қолданудың ерекшеліктері ең алдымен оның мұқықтық мәртебесіне әсер етеді. Бірқатар ғалымдар мен сала мамандарының пікірінше болашақта жасанды интеллект құқықтық қатынастардың қатысушысы болуы мүмкін. Осыған байланысты жасанды интеллектің қолдануға қатысты теориялық және тәжірибелік тұрғыдан жан-жақты зерттеу жүргізу қажет-деп, көрсетеді [8, 148 б.].

Әрине, М.М. Лазареваның жасанды интеллектің құқықтық қатынас қатысушысына қатысты болжамымен келісу немесе келіспеу туралы түрлі ұстанымдар бар. Бұл ең алдымен жасанды интеллект технологиясының даму ерекшеліктеріне байланысты болар. Алайды қазіргі кезде жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыс жасағаны үшін жасауапкершілікті анықтау, жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу шараларын айқындау маңызды.

Ал жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыс дегеніміз – адамның қылмыстық ниетін жүзеге асыру барысында деректерді талдау, болжау, автоматты әрі автономды түрде шешім қабылдау мүмкіндігіне ие жасанды интеллект технологияларын пайдалануы арқылы қоғамға қауіпті іс-әрекет нәтижесі.

Қазіргі заманда жасанды интеллект қылмыстың сипатын түбегейлі өзгертті. Алдын ақпараттық технологиялар қылмыс жасаудың құралы ғана болса, жасанды интеллект генеративті түрді машиналық оқыту, автономды бағдарламаларды автоматты түрде тәуелсіз шешім қабылдауы, іс-әрекетті жоспарлау, орындау, жасыру тәрізді логикалық шешім қабылдау мүмкіндігіне ие болуда. Сәйкесінше жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстың қоғамға қауіптілік деңгейі жоғары болып тұр. Бұл туралы Бухарест плитехникалық университетінің профессоры Кармина Толбару (Carmine-Elena Tolbaru) Athens Journal of Law ғылыми басылымында «ЖИ-дің күрделі тапсырмаларды автоматтандыру, терең жалған мәліметтерді жасау және дәстүрлі киберқауіпсіздік жүйелерін айналып өту қабілеті оның қылмыстық әрекеттерде қолданылуының артуына әкелді»-деп көрсетеді [9].

Демек, құқық қорғау органдарына қылмыстық іс-әрекетті анықтау, дәлелдеу мүмкіндіктеріне жоғары, жаңаша міндеттер жүктейді. Бұл жағдайда жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу шараларын қолға алу өте маңызды.

Дегенмен, киберқылмыстарды тергеумен айналысатын ұлттық құқық қорғау органдары жасанды интеллектің деструктивті, қауіпті, зиянды мақсаттарда пайдаланудың технологиялық және құқықтық аспектілеріне қарсы тұруға әліде болса толық дайын емес [10, 125 б.].

Сол үшін жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу шараларын қолға алу қазіргі кезде маңызды болып табылады.

Жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың қылмыстық-құқықтық сипатын зерттеу теориялық тұрғыдан заң ғылымы, қылмыстық құқық, криминология салалары үшін тың зерттеу тақырып. Зерттеу нәтижелері тәжірибелік тұрғыдан: а) жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстарды саралауда; ә) қылмыстың жасалу әдіс-тәсілдерін анықтауда; б) қылмыстың субъектілері мен объектісін анықтауда; в) қылмыстық жауаптылықты белгілеуде тиісті деңгейде нормативтік-құқықтық актілерді қолдануға; г) құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстылықтың алдын алу мен аталған қылмыс түрлерімен күресте оң шешім қабылдауға; д) ең бастысы жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардан азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғауда маңызды.

Сонымен қатар жасанды интеллект көмегімен жасалатын, жаңадан пайда болған қылмыс жасау тәсілдерінің ерекшеліктерін танып білу, алдын алу құқық қорғау органдары қыз-

меткерлерінің алдына жаңа міндеттер қояды. Екінші жағынан жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстарға қарсы азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру маңызды

Жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың ерекшелігін жіті зерттеу үшін жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың даму сатысы мен хронологиясына тоқталатын болсақ, жасанды интеллект дәуірі төртінші өнеркәсіптік революция (Industry 4.0) кезеңінің технологиялық даму кезеңдеріндегі соңғы қазіргі төртінші кезеңіне жатады. Төртінші өнеркәсіптік революция (Industry 4.0) кезеңін шартты түрде төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады. Әрбір хронологиялық кезеңнің технологиялық мүмкіндіктеріне сай қылмыс түрлері де кеңінен тарады. Олар:

1-кезең. Компьютерлер, ақпараттық жүйелер мен желілердің кеңінен тарай бастаған, алғашқы цифрлы кезең. Бұл кезең шамамен 1980–2000 жж. аралығы. Бұл кезеңде компьютерлік жүйелерге заңсыз кіру (хакерлік), зиянды вирустар тарату, бағдарламалық қамтамасыз етуді заңсыз көшіру, пираттық бағдарламалық өнімдерді сату, қолдану тәрізді заңбұзушылықтар орын алды.

2-кезең. Интернет пен әлеуметтік желілер жүйесі дамыған кезең. 2000–2015 жж. аралығы. Бұл кезеңде интернет алаяқтық, хакерлік, фишинг (құпия мәліметтерді заңсыз жолмен алу, сақтау, пайдалану), онлайн бопсалау тәрізді қылмыстар кең тарады.

3-кезең. Big data, бұлтты технологияларды қолданудың қарқынды даму кезеңі. 2015–2023 жж. аралығы. Криптовалюта қылмыстары, жеке деректер қорының таралуы, күрделі ақпараттық жүйелерге қарсы кибершабуылдар.

4-кезең. Жасанды интеллект технологияларын қолданудың дамыған кезеңі. 2023 жылдан қазіргі уақытқа дейін. Deepfake (жалған бейне/аудио), ЖИ көмегін пайдаланып алаяқтық жасау, биометриялық сәйкестендіру жүйесін бұзу, автоматтандырылған кибершабуылдар, генеративті ЖИ көмегімен жалған құжат, фотосуреттер мен бейнематериалдар жасау, жасанды интеллект көмегімен жалған ақпарат тарату (дезинформация) және т.б.

Жоғарыда көрсетілген төртінші өнеркәсіптік революция (Industry 4.0) кезеңінде жасалған қылмыс түрлері заманына сай технологияларды қолданып, түрлі әдіс-тәсілдер көмегімен алуан түрлі қылмыстардың болғанын көрсетеді. Технологиялық даму қылмыс ұғымының мазмұнын өзгертіп, қылмыс түрлерінің сипаты өзгеріп, өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Әсіресе жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың қылмыстық-құқықтық сипатын зерттеуде алдыңғы үш кезеңнің ерекшеліктерін, қылмыс жасауға деген әсерін ескеру маңызды. Осы аталған соңғы 4-ші кезеңде жасалатын қылмыстар алғашқы үш кезеңде жасалған заңбұзушылықтар мен қылмыстық іс-әрекеттердің жиынтығы тәрізді, тым қауіпті сипат алды.

БҰҰ шеңберінде жасанды интеллект арқылы жасалатын қылмыстарға қатысты жасалған баяндамада трансұлттық қылмыстардың түрлері, ұйымдасқан қылмыстық топтардың жасанды интеллект пайдалануы мен қылмыстардың алдын алу шаралары талданады [11]. Баяндамада жасанды интеллектіні пайдаланып ұйымдасып құрылған қылмыстық топтардың ерекшелігіне назар аударады.

Қазіргі заманда жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың 5 негізгі түрлерін атап өтуге болады. Олар: киберқылмыстар, интернет-алақтық, жалған ақпарат тарату, дербес деректерге қарсы қылмыстар, көбіне электронды төлем жүйелері арқылы жасалатын қаржылық қылмыстар. Осы қылмыстарды жасау барысында мақала авторларының пікірі бойынша төмендегі көрсетілген кестеге сәйкес а) Қылмыс түрі, ә) ЖИ қолданылуы, б) Қоғамға қауіптілігі көрсетіледі. Жалпы жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстар жаңа технологиялардың пайда болуымен тұрақты жаңа сипат алып, саны мен сапасы артып отырады. Дегенмен, қазіргі кезде кең тараған жасанды интеллектті қолдану мен қылмыстық іс-әрекеттің қоғамға қауіптілігі төменде кестеде ұсынамыз (1-кесте).

1-кестеде көрсетілгендей жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстар бір қарағанда дәстүрлі қылмыстардан түбегейлі тыс, жаңа қылмыс тәрізді болғанымен қылмыс жасау тәсілдері ұқсас болып келеді.

Технологиялардың қарқынды дамуы қарым-қатынастың өзара әрекеттесу тәсілдерінде әсер етеді. Қылмыстық әрекеттерде бұл өзгерістерден тыс қалмайды. Қылмыскерлер заңсыз әрекеттердің жаңа түрлерін ойлап тауып, қылмыс жасау тәсілдерін үнемі жетілдіріп отырады [12, 1 б.].

Кесте 1 – Жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыс түрлері

№	Қылмыс түрі	ЖИ қолданылуы	Қоғамға қауіптілігі
1	Киберқылмыс	Хакерлік шабуылдар	Ақпараттық жүйелер мен орталықтандырылған серверлердің бұзылуы
2	Интернет алаяқтық	Генеративті мәтіндер, синтезделген дауыс және жалған бейне deepfake	Өзгенің мүлкін заңсыз иемдену
3	Жалған ақпарат тарату	ЖИ арқылы мәтін, бейне, фотосуреттер жасау	Қоғамда теріс пікір қалыптастыру, азаматтардың қадір қасиетіне қол сұғу, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіру
4	Дербес деректерді иемдену	Ақпаратты ұрлау, иемдену, қолдану	Азаматтардың жеке өмірі мен ар-намысы, қадір қасиетіне қол сұғу
5	Қаржы-экономикалық қылмыстар	Жалған құжат әзірлеу, транзакциялар ұйымдастыру	Банктік есеп шотын бұзу, қаржылық және экономикалық зиян келтіру
Ескертпе: Авторлармен құрастырылған.			

Жасанды интеллект арқылы жасалатын қылмыстар бұрын белгілі болған қылмыстардың жасалу тәсілін, жылдамдығын, ауқымдылығын арттырып қоғамға қауіптілігін арттырады. Демек жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыс ол міндетті түрде жаңа қылмыс түрі емес. Ол ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жасалатын қылмыстың жетілдірілген, жаңа технологияларды қолданып қылмысты жасау тәсілінің сапалы түрі. Осыған орай қолданыстағы қылмыстық құқықтық саясатты жаңа технологиялық жағдайларға, жасанды интеллект мүмкіндіктеріне бейімдеу қажет. ҚР Қылмыстық Кодексінің 147-бабында көрсетілген «Жеке өмірге қолсұғылмаушылықты және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзу» [13] жағдайлары әлі электронды құрылғылар арқылы ғана болатын тәрізді, шын мәнісінде қазіргі заманда азаматтардың жеке деректерін ұрлау жасанды интеллект арқылы жүзеге асуда. Сол себепті қылмыстық заңнамадағы ескі, қолданыстан шығып қалған технологиялар орнына жаңа ақпараттық жүйелер мен жасанды интеллект туралы техникалық, құқықтық нормаларды енгізу қажет.

Жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу шараларына қатысты мәселелерді зерттеу барысында қылмыстардың кеңінен таралуына ықпал ететін жағдайлар анықталды. Ең бірінші себеп, жасанды технологиялардың қолжетімділігі. Екінші себеп, жасанды интеллектің автоматты жұмыс жасау мүмкіндігі. Бағдарламалау тілінің мүмкіндігі арқылы жасанды интеллект қысқа уақытта, тұрақты түрде ауқымды кибершабуылдар жасай алады. Үшінші жағдай, жасанды интеллект көмегімен жасалатын мәтін, аудио, бейнелердің жоғары сапада болуы. Азаматтар түпнұсқа мен жасанды интеллект арқылы жасалған алаяқтық іс-әрекетті ажырата алмай алдауға жиі түсіп қалуда. Төртінші жағдай, жасанды интеллект көмегімен қашықтықтан басқару мүмкіндігі трансұлттық қылмыстық топтардың көбеюіне алып келді.

Нәтижесінде жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу шараларын 4 негізгі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алудың құқықтық шаралары. Қылмыстық заңнаманы жетілдіру, қылмыстық жауаптылықты белгілеу. Екіншісі, жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алудың техникалық шаралары. Техникалық мүмкіндіктерді жетілдіріп жалған ақпараттар мен жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алудың мүмкіндігін арттыру. Үшіншісі, жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алудың институционалды шаралары. Жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстарды анықтайтын сараптама орталықтарын құру. Төртіншісі, жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алудың әлеуметтік шаралары. Жасанды интеллект технологияларымен жұмыс жасайтын білікті мамандар әзірлеу, ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Зерттеу барысында көптеген мемлекеттердің қылмыстық заңнамасында жеке жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстар үшін жауаптылық көзделмеген. Жасанды интел-

лект тек қылмыстың құралы ретінде қарастырылады. Бұл жағдай Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында кездеседі. Демек, жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың құқықтық мәртебесі айқындалмаған.

Жасанды интеллекті көмегімен жасалатын қылмыстардың құқықтық анықтамасы, құқықтық үсінігі жоқ. Сонымен қатар жасанды интеллекті көмегімен жасалатын қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік шегі көрсетілмеген. Ең соңында жасанды интеллект технологиясының жылдам дамуы, жаңа технологиялық платформалардың пайда болуы жағдайында қылмыстық заңнаманы сәйкестендіру уақыт әрі кәсіби сараптамалық қорытындыны талап етеді. Яғни, жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу шаралары жан-жақты, тұрақты жаңартылып отыратын орталықтандырылған басқару жүйесі қажет. Осы бағытта жасанды интеллектіні игеру, мемлекеттік басқару ісінде ұтымды пайдалану және жасанды интеллекті саласында мемлекеттік саясатты тиімді жүргізу үшін 2025 жыл Қазақстан Республикасында жасанды интеллект және цифрлы даму министрлігі құрылады [14].

Зерттеу нәтижелерін талқылау барысында жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу шаралары тек қылмыстық құқықтық механизмдер арқылы ғана шешімін таппайтынын көрсетті. Жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алудың қылмыстық заңнамаға өзгеріс енгізуден бөлек техникалық, халықаралық ынтымақтастықта маңызды. Сол себепті зерттеу нәтижелерін өзге ғылыми мақалалардағы тұжырымдармен, шетелдердің жасанды интеллект саласын құқықтық реттеу тәжірибесімен салыстыру өте маңызды.

Ғылыми әдебиеттерге шолу көрсеткендей қазіргі кезде жасанды интеллект саласын құқықтық реттеудің бірнеше үлгісі бар. Еуропалық Одақтың жасанды интеллектке қатысты ұстанымы инновацияны қолдау мен адам құқықтарын қорғаудың тепе-теңдігін сақтауға басымдық береді. Адамның жеке басының қауіпсіздігіне, құқықтары мен бостандықтарына, денсаулығына, сондай-ақ демократиялық құндылықтарға қауіп төндіретін, заңмен тыйым салынған тәуекел санатына жасанды интеллект технологиялары арқылы нұқсан келтіруге тыйым салынады [15]. Бұл ұғым Еуропалық Одақтың Жасанды интеллект туралы Заңында қолданылады. Ал АҚШ-тың жасанды интеллект саласына қатысты ұстанымы инновацияға басымдық беру мен жасанды интеллект саласында әлемдік көшбасшы болуға қолдау көрсетуді көздейді.

Қорытынды

Жасанды интеллект технологияларының дамуы дәстүрлі қылмыс жасау тәсілдерін өзгертіп, қылмыстың ауқымын, қылмыс жасау жылдамдығын, қылмысты жасырын орындау мүмкіндігін арттырды. Жасанды интеллект қылмыстың субъектісі болып табылмайды. Тек қылмыс жасау құралы ретінде қылмыстың қоғамға қауіптілігін арттырды.

Осыған байланысты құқық қорғау органдарының қызметі де жаңаша тәсілдерді қажет етеді. Қылмыстарды анықтау, дәлелдемелерді жинау және кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту үшін цифрлық криминалистика, киберқауіпсіздік, жасанды интеллектті құқық қорғау қызметінде пайдалану және халықаралық ынтымақтастықтың тиімді тетіктерін дамыту маңызды болып отыр. Сондықтан жасанды интеллект технологияларының дамуымен қатар қылмыстық құқық, қылмыстық процесс және криминалистика салаларындағы құқықтық реттеу де үздіксіз жетілдірілуі қажет.

Атап айтқанда жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу шаралары үш деңгейлі кешенді қамтуы тиіс. 1) Қылмыс жасалғанға дейінгі алдын алу шаралары. 2) Қылмыс жасалу кезіндегі қауіптің алдын-алу, қылмыстың зияны мен қауіпін азайтуға бағытталған шаралар. 3) Қылмыстан кейін қылмыскерді жауапкершілікке тартуы. Қылмыс жасаған тарап жауаптылықтан құтылмауы тиіс. Дегенмен, басымдықты бірінші және екінші кезеңге беру қажет. Сонда ғана жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын-алу шаралары тиімді болмақ.

Жүргізілген зерттеу негізінде Қазақстан Республикасында жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын алу жүйесін жетілдіру үшін мынадай ұсыныстар беріледі:

1. Қазақстан Республикасында жасанды интеллект туралы заңнамада, жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын-алуға қатысты құқықтық нормаларды жетілдіру.

Жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын-алуға қатысты міндетті талаптар, шектеулер, қауіпсіздік стандарттары мен құқықтық жауапкершілік механизмдері көрсетілуі қажет.

2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 147-бабының 3-тармағына «электронды құрылғылар»-деген, анықтамаға «электронды құрылғылар мен жасанды интеллект»-деп, толықтыру ұсынылады. Сонымен қатар «жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстар» ұғымын енгізу ұсынылады. Ал Қылмыстық-процестік кодексіне жасанды интеллекттің қолдану арқылы жасалатын қылмыстарды тергеу, дәлелдемелер жинақтау және цифрлы дәлелдемелерді бағалауға қатысты толықтырулар енгізу. Атап айтқанда: цифрлық із, цифрлы дәлелдеме, жасанды интеллект көмегімен жасалған қылмыстың субъектілері, жасанды интеллект көмегімен жасалған қылмыстың объектісі тәрізді ұғымдарды енгізу ұсынылады. Сонымен қатар азаматтардың конституциямен қорғалатын жеке құпиялылығын сақтау мақсатында құқық қорғау органдары тарапынан цифрлы мәліметтер, ақпараттар мен деректерді алу тәртібі нақты белгіленуі тиіс.

3. Жасанды интеллект технологияларының қауіпсіздігін тәуелсіз бағалау және аудит жүргізу тетіктерін енгізу, әсіресе мемлекеттік басқару, құқық қорғау органдары жүйесі, білім беру саласы, денсаулық сақтау және бұқаралық ақпарат құралдары салаларында қолданылатын ақпараттық жүйелер үшін.

4. Құқық қорғау органдарының цифрлық криминалистика саласындағы технологиялық мүмкіндіктері мен материалдық әлеуетін күшейту. Арнайы цифрлық сараптамалық орталықтар құру, құқық қорғау органдары қызметкерлерін, тергеушілерді генеративті жасанды интеллект, deepfake және цифрлық дәлелдемелерді зерттеу әдістеріне оқыту.

5. Ұлттық деңгейде deepfake және синтетикалық медианы анықтау технологияларын дамыту.

6. Халықтың цифрлық және медиа сауаттылығын арттыруға бағытталған ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру, азаматтарды интернет-алаңдықтан, жалған ақпараттан және әлеуметтік инженерия тәсілдерінен қорғауға ерекше назар аудару. Жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын-алу үшін халықтың әр-түрлі санаты арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

7. Интерпол, БҰҰ және өзге де халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты күшейту. Трансұлттық киберқылмыстар бойынша жедел ақпарат алмасу және бірлескен тергеу тетіктерін дамыту.

8. Жасанды интеллект көмегімен жасалған қылмыстар бойынша ұлттық статистикалық есеп жүргізуді жетілдіру. Статистикалық мәліметтер қылмыстардың таралу динамикасын талдауға және цифрлы дәлелдерді жинақтау мүмкіндігін арттыратын ақпараттық технологияларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

9. Жасанды интеллекттің құқықтық және криминологиялық аспектілерін зерттейтін ұлттық ғылыми-зерттеу орталықтарын құру, жоғары оқу орындары, университеттер, институттар мен академияларда жасанды интеллект негіздерін жүйелі оқыту, қоғамның әр түрлі өкілдеріне жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардан сақтану жолдарын түсіндіріп

10. Ғылыми орталықтар және мемлекеттік органдар арасындағы жасанды интеллект арқылы жасалуы мүмкін қауіптердің алдын-алу бойынша ынтымақтастықты кеңейту.

Қорытындылай келе, жасанды интеллект технологияларының аса қарқынды дамуы жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың жаңа түрлерінің пайда болуына бастама болуы мүмкін. Сол үшін жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын-алу шараларында технологиялық өзгерістермен бірдей, тұрақты дамып отыруы қажет екені анық. Қазақстан Республикасында ақпараттық технология саласын құқықтық, цифрлық қауіпсіздік инфрақұрылымын жақсарту, халықаралық ынтымақтастықты күшейту, азаматтардың цифрлық сауаттылығын арттыру жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын-алудың тиімді әрі тұрақты жүйесін қалыптастырудың негізгі бағыттары болып табылады. Ұсынылған тұжырымдар жасанды интеллект көмегімен жасалатын қылмыстардың алдын-алуға бағытталған қылмыстық құқықтық саясатты жетілдіруге, ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға және цифрлық қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етуге ғылыми әрі тәжірибелік негіз бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу». URL: <https://www.akorda.kz/> (өтініш берілген күн: 08.05.2026)
- 2 Қазақстан Республикасының 2025 жылдың 17 қарашасындағы «Жасанды интеллект туралы» №230 Заңы. URL: <https://www.adilet.zan.kz/> (өтініш берілген күн: 25.06.2026)
- 3 «Жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі кеңес құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 19 мамырдағы № 881 Жарлығы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2500000881> (өтініш берілген күн: 25.06.2026)
- 4 «Жасанды интеллектіні дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 Қаулысы.
- 5 Global Digital Compact. URL: <https://www.un.org/> (accessed: 25.05.2026)
- 6 Global Dialogue on AI Governance. URL: <https://www.un.org/> (accessed: 06.07.2026)
- 7 Асамбаев А. Ж. Жасанды интеллект негіздері: Оқулық. – Алматы: Дәуір, 2011. – 136 б.
- 8 Лазарева М.М. Правовой статус искусственного интеллекта // Международный научный журнал «Вестник науки». – 2022. – № 1(46). – Т. 1. – С. 100–105.
- 9 Carmina-Elena T. Artificial Intelligence – a Vector for Crime and a Tool for Carrying Out Criminal Justice // Athens Journal of Law. 2025, no. 12, pp. 1–20. URL: <https://doi.org/10.30958/ajl.X-Y-Z> (accessed: 06.04.2026)
- 10 Velasco C. Cybercrime and artificial intelligence: An overview of the work of international organizations on criminal justice and the international applicable instruments // ERA Forum. 2022, vol. 23, no. 1, pp. 109–126.
- 11 Emerging threats: The intersection of criminal and technological innovation in the use of automation and artificial intelligence in the cybercrime landscape of Southeast Asia. URL: <https://www.unodc.org/> (accessed: 06.04.2026)
- 12 Parti R., Dearden N., Choi S. Understanding the use of artificial intelligence in cybercrime // International Journal of Cybersecurity Intelligence & Cybercrime. 2023, no. 6(2), pp. 1–15.
- 13 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – Алматы: Жеті-Жарғы, 2026.
- 14 Қазақстанда жасанды интеллект және цифрлы даму министрлігі құрылады. URL: <https://www.gov.kz/> (өтініш берілген күн: 08.09.2025)
- 15 High-level summary of the AI Act. URL: <https://artificialintelligenceact.eu/> (accessed: 27.02.2024)

REFERENCES

- 1 Memleket bassysy Qasym-Jomart Toqayevtyñ «Jasandy intelekt дәуіріндегі Qazaqstan: özekti мәseleler және ony түbegeily sifrlıy özgerister arqyly şeşu». URL: <https://www.akorda.kz/> (ötınısh berilgen kün: 08.05.2026) (In Kazakh)
- 2 Qazaqstan Respublikasynyñ 2025 jyldyñ 17 qarasasyndağy «Jasandy intelekt turaly» №230 Zañy. URL: <https://www.adilet.zan.kz/> (ötınısh berilgen kün: 25.06.2026) (In Kazakh)
- 3 «Jasandy intelektını damytu jöınındeğy keñes qūru turaly» Qazaqstan Respublikasy Prezidentınıñ 2025 jylğy 19 mamyrdağy № 881 Jarlyğy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2500000881> (ötınısh berilgen kün: 25.06.2026) (In Kazakh)
- 4 «Jasandy intelektını damytudyñ 2024-2029 jyldarğa arnalğan tüjyrymdamasyn bekıtu turaly» Qazaqstan Respublikasy Ükımetınıñ 2024 jylğy 24 şildedegı № 592 Qaulysy. (In Kazakh)
- 5 Global Digital Compact. URL: <https://www.un.org/> (accessed: 25.05.2026) (In English)
- 6 Global Dialogue on AI Governance. URL: <https://www.un.org/> (accessed: 06.07.2026) (In English)
- 7 Asambaev A.J. (2011) Jasandy intelekt negızderı: Oqulyq. Almaty: Däur. 136 b. (In Kazakh)
- 8 Lazareva M.M. (2022) Pravovoj status iskustvennogo intelekta // Mezhdunarodnyj nauchnyj zhurnal «Vestnik nauki», no. 1(46), vol. 1, pp. 100–105 (In Russian)
- 9 Carmina-Elena T. (2025) Artificial Intelligence – a Vector for Crime and a Tool for Carrying Out Criminal Justice // Athens Journal of Law, no. 12, pp. 1–20. URL: <https://doi.org/10.30958/ajl.X-Y-Z> (accessed: 06.04.2026) (In English)
- 10 Velasco C. (2022) Cybercrime and artificial intelligence: An overview of the work of international organizations on criminal justice and the international applicable instruments // ERA Forum, vol. 23, no. 1, pp. 109–126. (In English)

11 Emerging threats: The intersection of criminal and technological innovation in the use of automation and artificial intelligence in the cybercrime landscape of Southeast Asia. URL: <https://www.unodc.org/> (accessed: 06.04.2026) (In English)

12 Parti R., Dearden N., Choi S. (2023) Understanding the use of artificial intelligence in cybercrime // International Journal of Cybersecurity Intelligence & Cybercrime, vol. 6(2), pp. 1–15. (In English)

13 Qazaqstan Respublikasynyñ Qylmystyq kodeksi. Almaty: Jetı-Jarǵy, 2026. (In Kazakh)

14 Qazaqstanda jasandy intellekt jáne sifrlı damu ministrlyǵı qúryladı. URL: <https://www.gov.kz/> (ötınıs berılgen kún: 08.09.2025) (In Kazakh)

15 High-level summary of the AI Act (2024) URL: <https://artificialintelligenceact.eu/> (accessed: 27.02.2024) (In English)

АСИЛЬБЕКОВА Б.Р.,¹

докторант.

e-mail: balzhan.assilbekova@ayu.edu.kz

ORCID ID: 0009-0009-8379-956X

КОЖАМБЕКОВ Д.Р.,^{*1}

PhD, ст. преподаватель.

*e-mail: kozhambekov@ayu.edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-3908-3750

ДЖУРАЕВ И.Б.,²

д.ю.н., профессор.

e-mail: ikhtiyor.djuraev@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-2201-8119

БАЙРКЕНОВА Г.Т.,³

к.ю.н., ассоциированный профессор.

bairkenovagulmira@gmail.com

ORCID ID: 0009-0008-4822-5416

¹Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Казахстан

²Ташкентский государственный юридический университет, г. Ташкент, Узбекистан

³Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова, г. Усть-Каменогорск, Казахстан

МЕРЫ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ ПРЕСТУПЛЕНИЙ, СОВЕРШАЕМЫХ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Аннотация

В современном мире искусственный интеллект проник во все общественные сферы государства, особенно в систему государственного управления, финансово-экономические сферы, образовательный и медицинский секторы, и демонстрирует свою эффективность. В то же время использование искусственного интеллекта в преступных целях представляет угрозу для общества и приводит к правонарушениям. Цель научной статьи – проведение научно обоснованного исследования по профилактике преступлений, совершаемых с использованием искусственного интеллекта, всестороннее изучение мер профилактики преступлений, совершаемых с использованием искусственного интеллекта, с точки зрения юридической науки. Предполагалось определить приоритетные области преступлений, совершаемых с использованием искусственного интеллекта, и усовершенствовать меры профилактики таких преступлений. В целях профилактики преступлений, совершаемых с использованием искусственного интеллекта, в уголовно-правовое законодательство Республики Казахстан внесены предложения. С начала XXI в. Интернет, социальные сети и цифровые системы стремительно развиваются, проникая во все сферы общества, оказывая, с одной стороны, положительное влияние, а с другой – в результате незаконного и противоправного использования технологий искусственного интеллекта возникают новые виды преступлений, опасных для общества. В этом контексте изучение мер по

предотвращению преступлений, совершаемых с использованием искусственного интеллекта, имеет теоретическое и практическое значение. Одновременно важно осуществлять международное сотрудничество в области использования технологий искусственного интеллекта и готовить отечественных специалистов в сфере информационных технологий. Предотвращение преступлений, совершаемых с использованием искусственного интеллекта, включает в себя совершенствование законодательства, определение правовой ответственности и подготовку специалистов в области цифрового права. Определяется и анализируется уголовно-правовая природа преступлений, совершаемых с использованием искусственного интеллекта, дипфейков (поддельных видео/аудио), киберпреступлений, кибератак и других противоправных действий.

Ключевые слова: искусственный интеллект, преступление, предотвращение преступлений, Интернет, социальные сети, цифровые технологии, киберпреступность.

ASSILBEKOV B.R.,¹

PhD student.

e-mail: balzhan.assilbekova@ayu.edu.kz

ORCID ID: 0009-0009-8379-956X

KOZHAMBEKOV D.R.,^{*1}

PhD, senior lecturer.

*e-mail: kozhambekov@ayu.edu.kz

ORCID ID: 0000-0002-3908-3750

JURAYEV I.B.,²

d.l.s., professor.

e-mail: ikhtiyor.djuraev@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-2201-8119

BAIRKENOVA G.T.,³

c.l.s., associate professor.

e-mail: bairkenovagulmira@gmail.com,

ORCID ID: 0009-0008-4822-5416

¹Khoja Akhmet Yassawi International

Kazakh-Turkish University,

Turkestan, Kazakhstan

²Tashkent State University of Law,

Tashkent, Uzbekistan

³Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University,

Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

MEASURES TO PREVENT CRIMES COMMITTED USING ARTIFICIAL INTELLIGENCE

Abstract

Nowadays, artificial intelligence has penetrated all public spheres of the state, especially the state administration system, financial and economic, agricultural, educational, and healthcare sectors, and is showing its effectiveness. At the same time, the use of artificial intelligence for criminal purposes poses a threat to society and leads to violations. The purpose of the scientific article is to conduct scientifically based research to prevent crimes committed with the help of artificial intelligence, to comprehensively study measures to prevent crimes committed with the help of artificial intelligence from the point of view of legal science. It is intended to identify the priority areas of crimes committed with the help of artificial intelligence and improve measures to prevent crimes committed with the help of artificial intelligence. In order to prevent crimes committed with the help of artificial intelligence, proposals are made to the criminal law legislation of the Republic of Kazakhstan. The prevention of crimes committed using artificial intelligence involves improving legislation, determining legal liability, and training specialists in the field of digital law. The criminal and legal nature of crimes committed using artificial intelligence, Deepfake (fake video/audio), cybercrimes, cyberattacks, and other illegal activities is determined and analyzed.

Keywords: artificial intelligence, crime, crime prevention, Internet, social media, digital technology, cybercrime.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 14.07.2026